

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай

Балабақшасының меңгерушісі

Л.И Яворская



**ЖШС «Лилия»
БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНДА
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ӨТКІЗІЛГЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КЕҢЕСТЕР**

Шымкент 2024-2025

№1 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 12

29.08.2024ж.

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша есеп.
2. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын талқылау.
4. Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
5. ЖШС «Лилия» бақшасының ішкі еңбек тәртіп ережесін талқылау, бекіту.
6. Бақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін талқылау, бекіту.
7. Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын талқылау және бекіту.
8. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер! Жаңа 2024-2025 оқу жылы құтты болсын. Бірінші педагогикалық кеңесімізге қош келдіңіздер және ашық деп жариялаймын. Биылғы оқу жылында педагогикалық кадрлар мәселесінде ешқандай өзгеріс жоқ, қызметкерлердің келіп кетуінде өзгеріс жоқ. Жалпы бізде 26 қызметкер жұмыс жасауда.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша, «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы» бойынша айтар болсам, тәрбиешілер «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізді. Әртүрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар өткізілді және балабақшамызда бассейн жұмыс жасады. Жазғы уақытқа арнайы күн тәртібі жасалды және соған байланысты жұмыстар жүргізілді. Осы жазғы сауықтыру шараларымыздың мақсаты:

- балалардың психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;
- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;
- денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру болып табылды.

Сонымен қатар балабақшамызда «День Нептуна» мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараның жоспары бекітіліп, инстаграмм желісінде жарияланды. Сонымен қатар тәрбиешілер «Конституция күніне» орай тақырыптық сабақтар өткізді.

Жазғы уақытта балабақша балалары арасында жазғы демалысқа шыққандар болды. Олардың көбісі 2 айға демалыс алды. Ал олардың демалыс уақытына жазылған өтініштері гарден программасына сканер түрі жүктелді,- деп толық айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша меңгеруші Л.И.Яворская «Балалабақшаның 2024-2025 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту» тақырыбында сөз қозғады.

Былғы оқу жылына арналған жылдық жоспардың мақсаты: мектеп жасына і балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қылықтарын қалыптастыру.

Міндеті:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру

- Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу
- Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі тұтанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;

- Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.

- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту

Ал, енді педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыстарға келер болсам, былғы оқу жылында «Аналар мектебі» дөңгелек үстел мен « Бала тәрбиесіндегі салт-дәстүрдің рөлі» тақырыбында семинар жоспарланып отыр. Ал педагогтарға, ата-аналарға арналған кеңестер тізімі жасалды. Балалардың салауатты өмір салтын ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар тақырыптары таңдалды, музыка жетекшісімен бірлесіп дене шынықтыру апталықтары мен мерекелері ұйымдастырылуда. Мысалы: «Спортпен айналысамыз», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Қысқы қызықтар!» тақырыбында барлық топтарға арналған дене шынықтыру іс-шаралары жоспарлануда.

Сонымен қатар, оқу жылында өткізілетін ертеңгіліктер тақырыптары мен тақырыптық сабақтардың жоспары жасалды, ашық есік күндері мен өткізетін көрмелер жоспарланды. Мысалы: «Домбыра күні», «Балалар кітапханасы», тақырыбында көрмелер, «Ананың аялы алақаны» аналар мен әжелерге алғыстарын білдіре отырып, челлендж жасау, «Әншуақ» балалар жанды дауыспен ән айтып, тик ток түсіру жоспарлануда. Тәрбиеші мен педагогтардан тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің тақырыптары алынып, жылдық жоспарға қостық. Сонымен қатар, жыл бойында өткізілетін педагогикалық, өндірістік, меңгеруші жанындағы кеңестердің жоспарлары жасалды. Ата - аналармен өткізілетін жиналыстырдың жоспарлары бекітілді. Бақылау түрлері мен мазмұны жасалынып, рационалды теңестірілген тамақтану ұйымдастырылып, медициналық- педагогикалық бақылау мен әкімшілік -шаруашылық қызметтің жоспарға қостық,- деп толық айтып өтіп, сөзін аяқтады.

3. Үшінші мәселе бойынша «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын талқылау бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті педагогикалық кеңестің мүшелері. Өткен аптада мен барлықтарыңызға 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты берген болатынымын. Осы нұсқау хатты негізге ала отырып, жыл бойына жұмыстар жүргіземіз. Бұл нұсқау хатта:

тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану;

- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру, т.б. мәселелер жазылған.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер жазылған.

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

✓ 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);

✓ 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі болып табылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:- перспективалық жоспарға;- циклограммаға сәйкес жүзеге асады. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық әзірлейді, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің Циклограммасын жасау туралы айтылған.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы МДҰ-ның күн тәртібіне сәйкес құрылады, - деп толық түсіндіріп өтті.

Ал енді жаңадан келген «Біртұтас тәрбие» жайында айтар болсам, бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы болып бөлінеді де, барлық қазақи құндылықтарды, салт-дәстүрлерді жоспарға қосу арқылы қазақи тәрбиеге, құндылықтарға тәрбиелеу.

4. Кеңестің төртінші сұрағы бойынша «Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту» сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

-Алдарыңызға таратып берген күн тәртібі мен сабақ кестесіне қараңыздар. Күн тәртібі біздің балабақшамызда 8.00 басталады. Бірақ тәрбиешілер мен тірбиеші көмекшілері 15-20 минут алдын келіп, топтардың шанын сүртіп, бөлмелерді ретке келтіріп, балаларды қабылдауына дайын болуы керек. Әрбір күн тәртібінде белгіленген уақыттар бойынша таңғы ас, түскі және бесін асын балдарға беру, ұйымдастырылған іс әрекеттерді уақытында өткізу және балаларды уақытылы серуенге шығарып, уақытылы түскі ұйқыға жатқызыңыздар.

Ал сабақ кестесіне келер болсам, ортаңғы топ балалары 15 минуттан сабақ өтеді, ересек топ балалары 20 минут, ал мектепалды даярлық топтары -25, 30 минуттан сабақтарын өтеді. Әрбір топта оқу бағдарламасы сәйкес сабақ кестесі берілді. Музыка және қазақ тілі бойынша пән мұғалімдері сабақ береді,- деп айтып өтті.

Ал, қосымша үйірме сабақтар, яғни ағылшын және хореография сабақтарының кестесін үйірме жетекшілерімен келісіп қойсаңыздар болады,- деп сөзін аяқтады.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «ЖШС «Лилия» бақшасының ішкі еңбек тәртіп ережесін талқылау, бекіту» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

Біздің балалабақшамыздың Ішкі Еңбек тәртіп ережесі қайта жасалынып, бекітілуге ұсынылуда. Мұндаға мазмұнын қысқаша айтар болсам, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен шығару тәртібі, Жұмысшының құқығы мен міндеттері, Жұмыс берушінің міндеттері мен құқығы, Еңбек тәртібін бұзған үшін жауапкершілікке тартылуы, «Лилия» қызметкерлерінің жұмыс кестесі, мектепке дейінгі мекемеде балаларды қабылдау және топтарға жіктеу туралы ереже, тамақтануды ұйымдастыру туралы ереже, Үйірме жұмысы туралы ережесі жасалынды. Кәзір алдарыңызға тарқатылады, сол бойынша оқып шығуларыңызға және сұрақтарыңыз болса қойсаңызда рұқсат. Қыркүйек айында өтетін өндірістік кеңесте бекітіледі, - деп сөзін аяқтады.

6. Алтыншы мәселе «Бақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін талқылау, бекіту» туралы сөз кезегін меңгеруші алды.

- Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы негізінде (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 № 121 бұйрығын) негізге ала отырып, барлық қызметкерлерге арналған лауазымдық міндеттерін дайындадық. Әр қызметкерге жеке жеке лауазымдық міндеттер (меңгерушіге, әдіскерге, тәрбиешілерге, тәрбиеші көмекшісіне, аспазшыға, қарауылға) дайындалып, кәзір оқып шықсаңыздар болады, сұрақтарыңыз болса қойыңыздар. Яғни бұл лауазымдық міндеттер сіздердің жұмысыңыздағы негізгі міндеттеріңіз, атқаратын қызметтеріңіз жазылған.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе «Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын талқылау және бекіту» туралы сөз кезегін меңгеруші алды.

- Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен таныстыру, Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, т.б. тақырыптарды қамти отырып, биылғы оқу жылына жоспар дайындадық. Мұнда жалпы қызметкерлерге, тәрбиеленушілермен өткізілетін іс-шаралар мен ата аналармен бірге өткізілетін іс-шаралар тақырыптары жазылған. Оқып шығыңыздар, егер қосатындарыңыз бар болса, қосыңыздар- деп сөзін аяқтады. (қызметкерлер тақырыптарды оқып, бірауыздан қолдады)

8. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін Кривоносова Е.Ю. алды:

- Біздің «Китенок» тобымыз биыл мектепалды даярлық тобы. Топта балдарымыз 2019 жылғы. Бірақ, араларында 2018 жылғы 6 жасқа толмаған балаларымыз бар. Оларды біз бақшада қалдырсақұ болады ма, немесе оларға қаржыландыру жүрмей, балабақшамыздан шығаруымыз керек пе?- деп сұрақ қойды.

Меңгеруші:

- Біз білім басқармасының әдіскерлерімен хабарластық. Кәзіргі таңда олардың берген жауаптары, 2018 жылғы 6 жасқа толмаған балалар жаңа жылғы дейін жүруге рұқсат етіледі. Ал жаңа жылдан соң оларға қаржыландыру тоқтатылады,- деп сөзін аяқтады.

- Сонымен қатар әртүрлі мәселелер бойынша қосатыным бар,- деп сөзін меңгеруші жалғастырды. Биылғы оқу жылында аптасына бір рет балалардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында «құм терапиясы» мен шығармашылық сабақтар қосылады. Олар қосымша сабақтар есебінде жүреді. Ол сабақтарды сол топтың тәрбиешілері жүргізеді. Сондықтан ата -ана мен балабақша арасындағы келісім шартқа қосымша доп.соглашение жасалып, балалардың төлем ақысы 20000 тг. көтеріледі. Ата - аналарға жиналыс кезінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер.

Сонымен қатар, балабақшамызда болатын барлық кеңестің хатшысы медбике Г.Орын тағайымдалады. Егер басқа сұрақтарын болмаса, педагогикалық кеңесті аяқтап, шешім шығарайық,- деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша есеп қабылдансын.
2. Балалабақшаның 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бекітіліп, жұмыстар жасалсын.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты бойынша және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен жұмыстар жасалып, жалғасын тапсын.
4. Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
5. ЖШС «Лилия» бақшасының ішкі еңбек тәртіп ережесін бекітсін.
6. Бақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітілсін.
7. Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын бекітілсін, жоспар бойынша жұмыстар жасалынсын.
8. Әртүрлі мәселелер.
 - келісім шартқа доп соглашение жасалынсын.
 - Хатшы Г.Орын уақытылы хаттамаларды толтырып, тігіп отырсын.

Менгеруші:

Л.И.Яворская

Хатшы:

Г.С.Орын

№2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 13

10.10.2024ж.

Тақырыбы: «Салт-дәстүр мен әдет – ғұрыптың бала тәрбиесіндегі рөлі»

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Ромашка және жауқазын тобына келген балалардың балабақшаға бейімделу жағдайы туралы әдіскердің есебі
3. «Салт-дәстүр мен әдет – ғұрыптың бала тәрбиесіндегі рөлі» әдіскер баяндамасы
4. «Күзгі ертегі» ойын сауықтың өткізілуін жоспарлау
5. «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбында медбикенің баяндамасы.
6. Есепші О.В. Федаренконың төлем ақы жайында есебі.
7. «Дене шынықтыру сауық-кештерін» талқылау
8. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер! Саламатсыздар ма құрметті педагогикалық кеңеске қатысушылар. Бүгінгі кеңесті ашық деп жариялаймын. Сіздердің қолдарыңызға берген күн тәртібімен танысқан боларсыздар. Ал ендеше бастайық.

- №1 Педагогикалық кеңестің шешімі толығымен орындалды және әлі де жалғасын табуда. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес іс-шаралар, спорттық жарыстар уақытылы өткізілуде. Сонымен қатар, биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатының негізінде барлық ҰІӨ өткізіліп жатыр. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жұмыстар жасалынуда. «Өнегелі-15 минут», «Күй дүмбірін» циклограммаға жазып, күн сайын жұмыстар жасалынуда. Биылғы оқу жылына бекітілген күн тәртібі мен сабақ кестесі бойынша жұмыстар жасалынуда. Ал, балабақшаның ішкі тәртіп ережесі және лауазымдық қызметтері бойынша қызметкерлер өз міндеттерін дұрыс атқаруда,- деп қысқаша тоқталып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Ромашка және Жауқазын тобына келген балалардың балабақшаға бейімделу жағдайы туралы әдіскердің есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Биылғы оқу жылында Ромашка және Жауқазын топтарына жаңадан балаларды қабылдадық. Кәзіргі таңда жауқазын тобында -22 бала, ал ромашка тобында – 16 бала білім алып, тәрбиеленуде. Кез келген бала жаңа ортаға келіп қосылғанында 3-5-10 күнде адаптация жүреді. Сондықтан жаңадан қабылданған балаларды бірінші күндері 2-3 сағатқа ғана қалдырып, жай- жаймен үйрету керектігін түсіндіреміз. Басында жаңадан келіп қосылған балалар тәрбиешінің жанынан шықтап, екінші анасындай құшақтап жүреді. Тәрбиеші баланың басқа балалармен бірге ойнап, сөйлесіп кетуі үшін бір –

бірімен таныстырып, қызықты ойындар ойнатады. Ал ата - аналар уайымын басу үшін баланың ойын процесіндегі суреттерін жібереді. Қорытындылай келе, жаңадан келген балалардың бейімделу процесі жақсы өтуде, - деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Салт-дәстүр мен әдет – ғұрыптың бала тәрбиесіндегі рөлі» бойынша сөз кезегін У.О.Ахметова алды.

- Қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға бай халық. Сол салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз халық тұрмыс-тіршілігінің өн бойына ғасырлар бойы тамыр тартып, қандық қасиетіне сіңіп, өшпей, жоғалмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып бүгінгі заманға жетіп отыр. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға ерекше көңіл бөлген. Бала – біздің өміріміздегі кездейсоқтық емес, заңды құбылыс. Оның дүниеге келу себебі адамның адамға қажеттілігінде. Бала өмірге келгенде оның өз орны айқындалады. Әр бала – керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз-шексіздікті танып білуге ұмтылады. Баланың салт-дәстүрді толық білуі оның белсенділігін, білімге құштарлығын арттырады. Балаға сеніммен карау оны қуаттандыра түседі. Себебі бала-өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі, ерлі-зайыптылардың тіреу-діңегі, сондықтан баланың дүниеге шыр етіп келген күннен бастап есейіп азамат болып кеткен күніне дейін оған жан-жақты қамқорлық жасап, аялы алақанында әлпештеп өсіріп, тәлім-тәрбие берген. Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдары өте көп. Қазақ атын осы кезге дейін қазақи салт – дәстүрлерімен, ырымдарымен, бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктерімен талай елді таң қалдырып келеді.

Халықтың қоғамдық өмірінен туындаған халық педагогикасының қайнар көзі халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымен тамырласып жатқандығын аңғаруға болады»

1. Құрсақ той. Бұл салт — бала құрсақтағы кезінде өткізілетін той салты. Ата-ана баланың дүниеге аман-есен келгеніне арнап тілек ретінде өткізілетін тілеу. Бұрынғы заманда перзент көре алмаған ата-аналар Алладан тілек тілеу негізінде көрші-қолаң, туыс-туғандарын шақырып, бірер малын сойып өткізетін шағын тойды құрсақ той деп атаған.

2. Шілдехана күзету. Халқымыз ұрпақ көруді ерекше бақыт санаған, ол жалғыз ата-ананың қуанышы ғана емес, бүкіл ауыл-аймақтың қуанышы есептелген, баланы өмірдің жалғасы деп түсінген. Нәресте дүниеге келген күні «баланың бауы берік болсын» айтып бір түн күзетіп, жиылған ел-жұрт ән салып, өлең айтып, домбыра шертіп, үлкен мереке өткізіп, «Шілдехана» күзететін болған. Түрлі ойын-сауық өткізіліп, әркім әл-ауқатына қарай «шілдехана» күзету ырымын 2 -3 күнге жалғастыратын. Шілдехана-жаңа туылған бала мен жаңа босанған ананың құрметіне жасалатын ойын-сауық. Шілдехана күзетуге, негізінен, босанған ананың жақын маңдағы туыс-туғандары мен көрші-қоландарының жігіт-желең, қыз-қырқындары, сондай-ақ, өнер сүйер үлкен-кіші ауыл адамдары келеді. Онда әр күні кеште ел орынға отырып, малды қоралап, ас-су ішіп, ат-көліктерді отқа қойған соң, босанған ананың үйіне жиналып ән салып, күй тартып, өзара айтысып, жаңа босанған ана мен нәресте әсем әнмен әлдилеп, тәтті күймен тербетеді. Шілдехана әдетте бір апта, тіпті 40 күнге дейін шам өшірмей жалғастырылады. Шілдехана

күзетудің өзіндік ғылыми мәні бар. Жас босанған ана мен нәрестенің шошынып, түрлі жүйке ауруларына шалдығуының алдын алады. Жаңа туған нәрестені тұншығып қалуын немесе зиянды жәндіктердің шағып зақымдап кетуінің алдын алады. Жас босанған ана мен нәресте ән-күй, өлең-жырды тыңдап, тез сергиді. Бала болашақта ізгі ниетті, өнер сүйгіш, ақ көңіл, ашық-жарқын болады, - деп, бірнеше салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарға тоқталып, айтып өтті.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Күзгі ертегі» ойын сауықтың өткізілуін жоспарлау бойынша сөз кезегін музыка жетекшісі А.В.Чепуркина алды.

- Кәзіргі таңда барлық топтың тәрбиешілерімен бірігіп ойын-сауық өткізуге дайындалу үстіндеміз. Барлық балалардың киетін киім үлгілері белгіленіп, ойнайтын ойын сауық жоспары жасалды. Алғашқы ойын сауық 29 қазан күні сағат 15.30 мектепалды даярлық «Мамонтенок» тобында өткізіледі. 30 қазан күні таңғы 10.00 ортаңғы топ «Ромашкада» және 11.00 – де ересек тобы «Лучикте» өткізілмек. 31 қазан күні ересек тобы «Динозаврикте» сағат 16.00 – де өткізілсе, 01 қараша күні сағат 10.00 ортаңғы топ «Жауқазында», ал 16.00 мектепалды даярлық тобы «Китенокта» өткізіледі. Ал өткізу орнын безендіруді алдағы уақытта жоспарлап отырмыз, - деп сөзін аяқтады.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбы бойынша сөз кезегін медбике Г.С.Орын алды.

- Балаларда жиі кездесетін бірқатар ауру түрлері бар. Олардың алдын алу шаралары оларды жұқтырмауға, ал уақытылы емдеу асқынулар мен ауру салдарынан қашуға көмектеседі. Балалар жиі ауырады – деген сөзді көптеген ата-аналардан естиміз. Балабақшада балалар саны өте көп және сырқаттанған бала екінші, үшінші және с.с балаларға жұқтырулары мүмкін. Сондықтан қандай аурулардың жиі кездесетінін білу керек, егер аурудан қашып құтыла алмаған жағдайда не істеу керек екенін білуіміз керек.

Жедел респираторлы вирустық инфекциялар – интоксикация белгілерімен, катаралды құбылыстарымен, тыныс алу жолдарының әртүрлі бөлігін зақымдауымен, жоғары контагиоздылығымен ерекшеленетін аурулар тобы.

Жедел респираторлы вирустық инфекциялармен аурудың өсуі жылдың суық мезгілінде басталады. Оған бір жағынан бұған вирустың төмен температуралар әсеріне жоғары төзімділігі әсер етеді. Екінші жағынан салқын тигізу ағзаның қорғаныс қасиеттерін төмендетеді.

Инфекцияны таратушы науқас адам болып табылады. Таралуы – ауа-тамшы жолымен. Бұл – вирустың ұйымдастырылған ұжымдарда, үйжайлардың ішінде аса жылдам таралуын түсіндіреді.

ЖРВИ белгілері: дене қызуының жоғарылауы, жөтел, мұрынның бітелуі, тұмау, түшкіру, бас ауруы, селқостық, әлсіздік, ауыршандық.

Аурудың жағымсыз салдары қауіпті топқа бір жасқа дейінгі балалар мен тыныс алу органдарының аурулары, жүрек-қан тамыр жүйесі мен эндокриндік патологиялары бар 60 жастан асқан ересектер кіреді.

Бәрінен жиі ұжымдардағы балалар, яғни мектепалды мекемелері мен мектептерге баратын балалар, жұқтырады, -деп толық айтып, басқа түрлеріне де тоқталып өтті.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе Есепші О.В. Федаренконың төлем ақы жайында есебі.

- Кәзіргі таңда барлық ата-аналардың төлем ақыны уақытылы төлеп жатыр. Бала егер 3 күннен артық уақыт балабақшадан қалса, тек ауырғандығы туралы анықтамамен қабылдап отырмыз да, оларға келмеген күндеріне ақша қайтарылуда. Бірақ бірең сараң ата-аналар төлем ақымен кешіктіретіндер де бар. Олардың тізімін тәрбиешілерге беріп, төлемді жасау керектігін ескертіп отырамыз, - деп қысқаша айтып өтті.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе «Дене шынықтыру сауық-кештерін» талқылау бойынша сөз кезегі әдіскер У.О.Ахметоваға берілді.

- Оқу жылы басталғалы екі рет дене шынықтыру сауық кештері өткізілді. Олар: «Ұлттық ойындар ойнаймыз» және «Спортпен айналысамыз!!!». Ұлттық ойындар ойнаймыз тақырыбында өткізілген дене шынықтыру сауық-кешінде балаларды ұлттық ойындар түрлерімен таныстырып, сол ойын түрлерін ойнатты. Бұл кештердің мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз куу», «Ұшты – ұшты», т. б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. Ал, «Спортпен айналысамыз» тақырыбында өткізілген жарыста өз жасерекшеліктеріне лайықты әртүрлі ойындар ойнатылды, - деп толық тоқталып өтті.

8. Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Кәзіргі таңда Шымкент қаласы бойынша жекеменшік бақшалар Ваучер программасына ауыстырымақшы. Соған орай ваучер жаржыландыру, баланы кезекке қою туралы видео нұсқаулықтармен біз танысып, сіздерді де хабардар етіп, ата-аналарға нұсқаулықтарды жәймен жібере бастаймыз. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болса, бізге жіберіңіздер, барлығын түсіндіріп өтеміз.

- Сонымен қатар, Білім басқармасынан келіп түскен Төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтар өткізудің 2024 жылға арналған тақырыптық сабақтары жіберілді. Бұл тақырыптар туралы қысқаша айтып өтейін. Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік, өрт уақытындағы қауіпсіздік, жазғы демалыс кезіндегі су айдарындағы қауіпсіздік, т.б. бұл дәрістер түрінде және практикалық оқу-жатығулар негізінде өткізілу керек. Бұл тақырыптарды біз бараларға жақсылап түсініріп, үйретуіміз керек. Сонымен қатар бұл жоспарда осы педагогикалық кеңесте бекітеміз, -деп толық тоқталып өтті.

- Әрине, біз бұл суреттерді бақшамыздың инстаграмм желісіне саламыз. Ал әдіскерге дәріс сабағының жоспарын тапсырасыздар. Басқа сұрақтарыңыз болмаса, педагогикалық кеңестің шешімін шығарып, аяқтайық, - деп сөзін бітірді..

1. №1 Педагогикалық шешімнің есебі қабылдансын, жұмыстар жалғастырылсын;

3. «Салт-дәстүр мен әдет – ғұрыптың бала тәрбиесіндегі рөлі» әдіскер баяндамасы бойынша балаларға қысқаша мазмұн берілсін;

5. «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбында медбикенің баяндамасы негізінде жұмыстар жалғастырылсын;

7. «Дене шынықтыру сауық-кештері» жалғасын тапсын;

- Төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің жоспары бекітілсін, жұмыстар

Ясли-сад № 335 БСН

Meңгерүші

Л.И.Яворская

Хатшы:

Г.С.Орын

№3 Педагогикалық кеңес

Қатысқандар:15

28.01.2025ж.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі»

1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы
2. «Бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында әдіскердің баяндамасы
3. Өткізілген Аралық мониторингтің қорытындысы
4. Ұйымдастырылып өткізілген көрмелер мен іс-шараларды талқылау
5. Мебикенің «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» жайында баяндамасы
6. Наурыз айында болатын ертенгіліктерді жоспарлау
7. «Қауіпсіздік ережелері» бойынша тәрбиешілер өткізетін тәрбие сағаттарын талқылау
8. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе №2 Педагогикалық кеңестің орындалуы бойынша айтар болсам, барлық мәселелер бойынша жұмыстар жасалынды. Өзім қатаң тексеру жүргізіп, бақыладым. Дене шынықтыру сауықтыру ойындары жүргізіліп, жоспарлары әдіскерге тапсырылды. Балалардың балабақшаға бейімделуі бойынша тәрбиешілері мен ата-аналар арасында байланыс нығайтылып, жұмыс жүріп жатыр. Сонымен қатар «Салт-дәстүр мен әдет – ғұрыптың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында пікір - таластар жалғасын табуда. Ата-аналар төлем ақыны уақытылы өткізіп, төлеп отыр,- деп сөзін қорытындылады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Бала отбасының көз қуанышы. Өйткені қазақта сөз бар: «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген. Сондықтан да, халқымыз баланы ерекше қадірлеген. Біреу бақытты байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, қызмет пен мансаптан іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы: «Адам ұрпағымен мың жасайды».

Ал, тәрбиеге келетін болсақ, қазақ халқы баланы жастан, жастан емес-ау бесіктен, тіпті ана құрсағынан бастап тәрбиелеу керек деп өсиет қалдырған. Баланың түп казығы, алтын ұясы-отбасы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, сол ортаның ыстық суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Әке-шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер-азаматқа жүктеледі. Әйел-отбасының ұйтқысы. Баланы өсіріп тәрбиелеу –ата-ана міндеті. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-отбасы мен мектептен алған үлгі- өнеге жиынтығының жемісі. Баланы өсіру, оны азамат етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Бала отбасында әкеге

қарап, ал, қыз анаға қарап өседі. Сондықтан да әр ата- ана балаларының алдында өздерін дұрыс ұстап, ғибраты мол әңгіме айтып, жүріс –тұрысымен, киім –киісімен, іс –әрекетімен үлгі бола білуі керек,- деп баяндамасын оқып бітірді.

3. Үшінші мәселе өткізілген аралық мониторингтің қорытындысы бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Желтоқсан айында балабақша балаларына аралық мониторинг жүргізілді. Бұл Мониторинг балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Балабақшадағы 6 топтың тәрбиешілері мониторинг жүргізіп, әдіскерге қорытындысын тапсырды, өз кезегінде әдіскер өзіндік әдіскер жинағын жасақтап, білім басқармасының методистіне тапсырды. Қорытындылай айтқанда, барлық топ балаларының жоғары деңгейі, орташа деңгейі және төменгі деңгейі анықталды. Ортаңы топ балалар саны – 35 (2 топ), олардың жоғары деңгейі – 35%, ортаңғы деңгейі - 51 %, ал төменгі деңгейі – 14% құрады. Ал, ересек тобында жалпы балдар саны – 53, олардың жоғары деңгейі – 53%, ортаңғы деңгейі - 41 %, ал төменгі деңгейі – 6% құрады. Мектепалды даярлық топта балалар саны – 51, олардың жоғары деңгейі – 21%, ортаңғы деңгейі - 43 %, ал төменгі деңгейі – 6% құрады,- деп сөзін аяқтады. (Әдіскер жинағының нәтижесі хаттамаға тіркелді)

4. Төртінші мәселе «Ұйымдастырылып өткізілген көрмелер мен іс-шараларды талқылау бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Желтоқсан айында біздің балабақшамызда «Аналар мектебі» дөңгелек үстел өткізілді. Бұл дөңгелек үстелдің мақсаты: ата-аналар мен балалардың, ата –аналар мен тәрбиешілердің, тәрбиешілер мен балалардың арасында жақсы қарым-қатынас орнатып, дұрыс тәрбие беру бағытын таңдау. Бұл дөңгелек үстел ересек топ ата - аналарымен өткізілді. Сонымен қатар, қараша айында «Ананың аяулы алақаны» тақырыбында барлық топтарда челлендж ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл челлендж мақсаты: балалардың аналарына, әжелеріне жылы лебіздерін айта отырып, махаббаттарын білдіру. Бұл челлендж видеосы «Liliya_detskiysad» инстаграмм парақшасында жарияланды. Сонымен қатар, Жаңа жыл мерекесіне орай барлық топтарда «Жаңа жылдық карнавал» тақырыбында ертеңгіліктер өткізілді. Ертеңгіліктер жоғары дәрежеде, жақсы дайындықпен өтті. Барлық топтың тәрбиешілері маған ертеңгілік жоспарын тапсырды. Мен бұл жоспарға анықтама жазып, қасына ертеңгілікте түсірілген суреттерді тігіп қойдым,- деп сөзін аяқтады.

5. Бесінші мәселе «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» бойынша сөз кезегін медбике Г.Орын алды.

- Әлемдегі біріктіретін аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, респираторлық-синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

ЖРВИ- бұл төрт ортақ белгілерді біріктіретін аурулар тобы.

1. Олардың барлығы жұқпалы болып табылады. Олардың вирусын тудырады;

2. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-тамшы жолдарымен – тыныс алу ағзалары арқылы келеді;

3. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді.

4. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

ЖРВИ кезінде не болады? Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар бөліп шығарады, сосын олар қан арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Иммунитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын 3-4 және одан да көп ауруы мүмкін.

ЖРВИ немен қауіпті?- Деп сұрақ қоя отырып, баяндамасын толық оқып, аяқтады

6. Алтыншы мәселе Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктерді жоспарлау бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Алдағы уақытта балабақшамызда 8 Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай ертеңгіліктер жоспарлануда. Соған байланысты музыка жетекшісі барлық топқа арнап жоспарлар құрып, өтетін уақыт кестесін дайындап қойды. Дайындық бастылып кетті. Ал, енді сомдайтын рөлдеріне байланысты костюмдері туралы айтар болсам, біздің балабақшамызда гардеробныйда өте көп киімдер тіктіргенбіз. Содан барлықтарыңыз алып, киіңіздер. Ал егер біреулеріңізге жаңа рөлдерге жаңа костюмдер керек болса, маған хабар беріңіздер. Саны мен өлшемін айтарсыздар, мен өз қаржыма тіктіріп беремін. Музыкалық залдың безендірілуі бойынша өз ойларында мерекеге қарсы уақытта жиналып талқылаймыз. Мен өз тәрбиешілерімнің ертеңгілікке өте тиянақты және жауапкершілікпен қарайды деген сенімдемін, -деп сөзін аяқтады.

7. Жетінші мәселе, «Қауіпсіздік ережелері» бойынша тәрбиешілер өткізетін тәрбие сағаттарын талқылау бойынша сөз кезегін меңгеріші Л.И.Яворская алды.

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әр аптаның жұма күндері барлық топтарда «Қауіпсіздік ережелері» бойынша 10-15 минуттық тәрбие сағаттары өткізіледі. «Балабақшада қауіпсіздік ережелерін сақтау», «Қауіпсіз серуен», «егер жоғалып қалсам не істеймін?», «Мен және бөтен кісі» т.б. тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізеді. Бұл тәрбие сағаттарының мақсаты, балалар әр уақытта қауіпсіздік ережелерін сақтап жүру, кез келген уақытта не істей алуын біліп жүру. Бұл тәрбие сағатында тәрбиеші балаларға үйрете отырып, сұрақ-жауап жауап арқылы, алған қауіпсіздік туралы білімдерін тексереді,- деп сөзін қорытындылады.

8. Күн тәртібіндегі сегізінші әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

№4 Педагогикалық кеңес

Қатысқандар: 13

18.03.2025ж.

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Апта сайын өткізілетін «Қауіпсіздік шаралар» тәрбие сағаттары жайында
3. Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештерінің қорытындысы жайында
4. Өткізілген көрмелердің қорытындысы
5. Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы. (ересек, мектепалды топтары.)
6. 8 Наурыз, 22 Наурыз мерексіне орай өткізілген ертеңгіліктерді талқылау
7. Жоспар бойынша өткізілетін тақырыптық сабақтарды талқылау.
8. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.
- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе №3 Педагогикалық кеңестің орындалуы бойынша айтар болсам, барлық мәселелер бойынша жұмыстар жасалынды. Айтар болсам, Медбикенің «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» жайында баяндамасы негізінде ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру әдістері арқылы жұмыстар жасалынып жатыр, Наурыз айында болатын ертеңгіліктерді жоспарлау негізінде ертеңгіліктер өткізілді, «Қауіпсіздік ережелері» бойынша тәрбиешілер әр апта сайын тәрбие сағаттарын өткізіп жатыр. Терроризмге қарсы қорғалу және өрт уақытында қауіпсіздік бойынша жұмыстар жасалынуда, Аттестация бойынша ұстаз платформасына барлық құжаттарын, комиссия мүшелерін тіркеп аяқтадық - деп сөзін қорытындылады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Апта сайын өткізілетін «Қауіпсіздік шаралар» тәрбие сағаттары жайында сөз кезегін У.О.Ахметова алды.

- Апта сайын өткізілетін «Қауіпсіздік шаралар» тәрбие сағаттары жайында айтар болсам, барлық топтарда жұма күні балаларға тәрбие сағаттары өткізілуде. Тәрбие сағатын өту барысында барлық топта жасерекшелігіне байланысты әртүрлі тақырыпта тәрбие сағаттары өткізіледі. Мысалы айтар болсам, ортаңғы топтарда «Қауіпсіз үй. Үйде жалғыз қалғанда», «Егер мен жоғалып қалсам, не істеймін?», «Қауіпсіз серуендеу», «Балабақшада қауіпсіздік ережелерін сақтау», т.б. Ал ересек тобында «Жатын бөлмеде және әжетханада қауіпсіздік ережелерін сақтау», «Ата ана телефондары мен үй адресін біліп жүру», «Үйдегі қауіпті заттар», т.б. Ал, мектепалды даярлық топтарында «Жедел нөмірлер мен қауіпсіз терезелер», «Жан-жануарлар әлемімен қауіпсіз қарым-қатынас», «Қылмыскерлерді қалай ажыратамыз?», «Табиғаттағы қауіпсіздікті сақтау», т.б. тақырыптарда тәрбиешілер түсіндірме жұмыстарын жасайды. Балаларға түсіндіру барысында тәрбиешілер тақырыпқа байланысты сұрақ қояды, ал балалар еркін түрде өз ойларын айтып, соңында қорытындылайды, - деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештерінің қорытындысы» жайында меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- Қаңтар айында «Қысқы қызықтар» атты, ал ақпан айында «Мен спортты сүйемін» тақырыбында қозғалмалы ойындар ұйымдастырылып, өткізілді. Барлық жарыстарға барып қатысып көрдім. Жарыстар өте көңілді өтті. Тәрбиешілердің тандаған ойындары жасерекшеліктеріне сай және қызықты болды. Жарыстар барысында сабақтарына қажетті құралдар пайдаланылды (доп, секіргіш, т.б). Әр топтың балалары бір түсті дене шынықтыру формаларын киді. Балалар жарысқа белсене, бар ынтасымен қатысты. Көңілді музыка қойылды. Барлық топтың тәрбиешілері жоспарларын тапсырды,- деп қысқаша айтып өтті.

4. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Өткізілген көрмелердің қорытындысы» бойынша сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- ЖШС «Лилия» бөбекжай балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес қаңтар айында «Балалар кітапханасы» тақырыбында көрме өткізілді. Көрменің мақсаты балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру. Көрмеге барлық топтың балалары әртүрлі ертегі кітаптарды балабақшада орналасқан кітапханаға кітаптарын әкеліп, сол жерде ата - аналармен бірге ертегілерді оқып, уақыт өткізді. Көрме болған күні балабақшамызда ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналардың барлығы көрмені тамашалады. Ал осы наурыз айының 27 жұлдызында «Әншуақ» балалар жанды дауыспен ән айтып, тик-ток түсіріп, инстаграмм парақшасына саламыз. Бұл іс – шараға балалар дайындық үстінде, - деп сөзін аяқтады.

5.Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ «Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы бойынша сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- Әр аптаның дүйсенбісінен жұма күнге дейін таңғы сағат 8.00 бастап кешкі сағат 18.30 дейін тәрбиешілер балалармен жүргізген жұмыстары мен тәрбие сағаттары, ата-аналарға берген кеңестеріне дейін бақылауда болады. Әр дүйсенбінің таңында топтарды аралап шығып, тәрбиешілердің балаларды қарсы алғанынан бастап, топтарында гимнастика жаттығуларын өткізіп, балалардың қолдарын жуып, таңғы асқа отыруына бақылау жасаймыз. 9.15 те барлық топтарда сабақ кесте бойынша сабақтары басталады. Сабақтары аяқталған соң тәрбиешілер балаларды таза ауаға шығарып, сонда жоспарлары бойынша әр түрлі ойындар ойнатады. Ойындар барысында қоршаған ортамен танысу жұмыстары басталады. Табиғаттағы әр түрлі өзгерістер туралы, құстар туралы сұрақтар қойылып, балалардың таным процестерін дамыту жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар серуендеу барысында балаларға тәрбиешілер ұлттық ойындарды үйретіп, ойнатады. Серуеннен кейін балалар топтарына кіріп, үстілерін шешім, гигиеналық шараларды жүргізіп, түскі асқа отырады. Түскі ас біткен соң пижамаларын киіп, түскі ұйқыға жатады. Осылайда күннің бірінші жартысы өтеді. Кейбір күндері кесте бойынша қосымша үйірме жұмыстары өтеді. Олар: хореография, ағылшын тілі. Ал түс қайта гимнастика болады. Әр аптаның бесінші күні тәрбиешілер әдіскерге циклограммаларын әкеліп, тексертеді. Сол циклограмма бойынша және

жылдың басында бекітілген күн тәртібі бойынша тәрбиешілер жұмыстарын жүргізеді.

Ал енді сөз кезегін медбикеке бергім келіп тұр. Күннің бірінші жартысында, яғни таң азанда істейтін жұмысы бойынша қысқаша айтып өтсе.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Сөз бергеніңізге рақмет, Улжан Орынбасаровна. Менің жұмысым барлық тәрбиешілер сияқты таңғы сағат 8.00 ден басталады. Таң азанымен мен тотарды аралап, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшісінің жұмыстарын тексеремін. Тәрбиешілердің терезенің шаның сүртіп, кабинеттегі заттарды реттейді де, есік терезелерді жауып, кварц қосады. Кейін оны өшіріп, бөлмелерді желдетеді. Ал тәрбиеші көрекшісі едендерді тазалап, асханаға таңғы асқа кетеді. Осының барлығын тексеріп болған соң мен балаларды күтетін есіктің алдына барып, сонда термометрмен балалардың дене температураларын тексеріп, денесін тексеріп, қабылдаймын. Әрі қарай жұмыстарым менің жоспарыма байланысты,- деп медбике Г.Орын толық тоқталып, айтып өтті.

6. Бесінші мәселе «8 Наурыз, 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгіліктерді талқылау» бойынша сөз кезегін меңгерішінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- 8 наурыз мерекесіне орай «Мама, милая мама!» тақырыбында барлық топтарда 28 ақпанынан бастап 7 наурызына дейін ертеңгіліктер өткізілді. Барлық ертеңгіліктер өте қызықты өтті. Балалар үш тілде ән айтып, тақпақтарын айтты, биледі. Ал киген киімдері арнайы сомдаған рөлдеріне арнап тіктірілген, өте сәнді, әдемі болды. Зал іші жарық, таза және жылы болды. Барлық тапсырылған сценарийлерге анықтамалар толтырылды.

- Ал, 22 Наурыз мерекесіне орай балабақшада наурыз көже мен бауырсақтар пісіріледі. Тары, талқан дайындап таңда ата-аналар балаларды бақшаға әкелгенінде оларға ауыз тиюі үшін дәм татуға беріледі. Ал 20 наурыз күні келесі апталарда балабақшамызда «Қош келің біздің өлкеге, Наурыз» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырылды. Ол ертеңгілікке ересек және мектепалды даярлық топтарының балалары қатысады. Ертеңгіліктің жоспары жасалынып, маған тапсырылды. Кәзіргі таңда ертеңгілікке толық дайындық туралы музыка жетекшісі Алена Владимировнаға сөз берейін,-деп сөзін аяқтады.

- Кәзіргі таңда ертеңгілікке дайындығымыз қарқын жүріп жатыр. Ертеңгілік 20 наурыз күні өтеді. Әр топтың дайындықтары жақсы деп айта аламын. Осы күнге дейін барлық балалар Наурыз туралы жаттауларын жаттап, билерін жақсы меңгеріп алды. Ертеңгілік барысында балаларымыз бірнеше ұлттық ойындарымызды ойнап, көрсетеді. Музыка залының безендіруі аяқталды. Жалпы ертеңгілікке дайындығымыз жақсы- деп А.В.Чепуркина сөзін аяқтады.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселесі «Жоспар бойынша өткізілетін тақырыптық сабақтарды талқылау» бойынша сөз кезегін У.О.Ахметова алды.

- 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес 1 қыркүйек «Білім күні» тақырыбында, «Қазақстан халқы тілдері күні», «25 қазан- Республика күніне арналған сабақтар», «16 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» тақырыптарына арналған тақырыптық сабақтар өткізілді. Тақырыптық сабақтар барысында суреттермен, слайдтармен көрнекіліктер балаларға түсініктеме беріп,

соңында сұрақ жауап айдарын өткізіп, әдіскерге тақырыптық сабақтардың құжаттарын тапсырды, - деп толық айтып өтті.

8. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес барлық топтарды тәжірибе алмасу сабақтары өткізіледі. Осы наурыз айында жауқазын тобында ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақ тақырыбы «Путишествие на планету радости». Ашық сабақ өз дәрежесінде жақсы өтті. Ашық сабақ барысында дидактикалық көрнекіліктер қолданылды. Тәрбиеші мен балалардың дайындығы өте жақсы. Ашық сабақ барысында тәрбиешілер балалардың жасерекшеліктеріне сай тапсырмалар беріп, ойындар ойнатып, сұрақ жауап айдарын өткізді. Ашық сабақ аяқталған соң әдіскердің кабинетінде ашық сабақты талқыладық. Болған жетістіктер мен кемшіліктер жайында айтылды. Сонымен қатар қатысушылар талдау парақтарын толтырды - деп сөзін аяқтды.

Сонымен қатар, «Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету» бойынша іс-шаралар жоспары және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарының негізінде «Мен және қоршаған орта» терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу, жаттығу шараларын өткізу жұмыстары 2025 жылдың 28 наурыз күні барлық топтарда өткізілсін. Құрметті тәрбиешілер, жаттығу шараларын өткізіп болған соң, маған құжаттарыңызды тапсыруды ұмытпаңыздар.

Биыл 2024-2025 оқу жылының бітіруші топтары «Китенок» және «Мамонтенок» мектепалды даярлық топтары қоштасу кешін өткізеді. Бұл қоштасу кештері мамыр айында өткізіледі. Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса, педагогикалық кеңесімізді аяқтайық,- деп сөзін аяқтады.

Шешім:

- 1 «Қаіпсіздік шаралары» тәрбие сағаттарын өткізу жалғастырылсын;
3. Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештері бойынша есеп қабылдансын;
4. Балабақшада көрме өткізу жалғастырылсын;
5. Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы бойынша есеп қабылдансын;
6. 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілетін ертеңгіліктер өз дәрежесінде өткізілсін;
7. Жоспар бойынша тақырыптық сабақтарды өткізілсін;
8. Әртүрлі мәселелер бойынша айтылған жұмыстар жасалынсын.

Меңгерушінің у.м.а.:

Бұйрықпен таныстым

У.О.Ахметова

Г.С. Орын



№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

30.05.2025ж

Қатысқандар: 14

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекеменің 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының қорытындысы»

1. №4 педкеңес шешімінің орындалуы
2. 2024-2025 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі.
3. Мониторинг қорытындысымен таныстыру.
4. Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі
5. «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігін талқылау
6. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту
7. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін менгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Бүгінгі педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша айтар болсам, жоспар бойынша дене шынықтыру сауық-кештері жалғасын тауып, әр ай сайын өткізілуде. Атап айтсам, «Қысқы қызықтар», «Ұлттық үстел үсті ойындары», «Біздің ең жақын достарымыз-күн, таза ауа және су» тақырыбында сауық-кештері өткізілді. Барлық өткізілген сауық-кештерінің жоспары әдіскерге тапсырылды.

Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуын әр уақытта әдіскер де, мен де бақылау жүргізіп жатырмыз, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері уақытылы өткізілуде. Балалар уақытылы серуенге шығып, күн тәртібі бойынша тамақтанып, уақытылы түскі ұйқыға жатады. Ұйқыдан ояңған балалар бесін асын ішіп, тәрбиеші кейбір балалармен жеке жұмыстар жасап, әр жұма күндері қауіпсіздік бойынша тәрбие сағаттарын өткізуде.

Ал, 22 Наурыз мерекесіне орай және 8 мамыр аналар мерекесін орай ұйымдастырылып өткізілген ертеңгіліктер жақсы өтті. Ата - аналар тарапынан көптеген жақса пікірлер айтылып, балалар мен тәрбиешілер өте жақсы дайындалып өткізгенін байқадық. Жалпы №4 педагогикалық кеңестің шешімінің барлығы орындалды,- деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2024-2025 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі» бойынша сөз кезегін менгеруші Л.И.Яворская алды:

- 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бойынша барлық іс-шаралар, жұмыстар мен жиналыстар өткізіліп, жоспарлары әдіскерге тапсырылды, хаттамалары толтырылды. Оқу жылы барысында «Мен жүйрікпін, мен мықтымын!», «Мен спортты сүйемін!», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», Спортпен айналысамыз!!!, «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» т.б. тақырыпта жарыстар өткізілді. «Күзгі ертегі» ойын сауығы, «Жаңа жылдық карнавал»,

««Наурыз жыл басы» 22 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктер, «Достық және көктем мерекесі» және «Балабақша, қош сау бол!» тақырыбында ертеңгіліктер өткізілді.

Сонымен қатар барлық топтарда тәжірибе алмасу сабақтары өткізілді. Барлық тәжірибе алмасу сабақтары талқыланып, анықтама жазылып, материалдары әдіскерге тапсырылды. Биылғы оқу жылында 3 ата -аналар жиналыстары өткізілді. Жиналыс барысында балабақшаның ішкі тәртіп ережелері, күн тәртібі, бала тәрбиесі мен денсаулығы туралы көптеген мәселелер қаралды. Хаттамасы толтырылып, әдіскерге тапсырылды. Педагогикалық, әдістемелік, меңгеруші жанындағы кеңес және өндірістік кеңестер жоспар бойынша өткізіліп, хаттамалары толтырылуда. Оқу жылы бойында «Аналар мектебі» дөңгелек үстел мен «Бала тәрбиесіне салт-дәстүрдің рөлі» тақырыбында семинар, «Домбыра күні» ұлттық аспаптар көрмесі, «Балалар кітапханасы» кітаптар көрмесі, «Ананың аялы алақаны» аналар мен әжелерге алғыстарын білдіріп, челлендж түсірді, «Әншуақ» балалар жанды дауыспен ән айтып, тик - ток түсіріп, инстаграмға салды. Әр мерекеге байланысты тақырыптық сабақтар өткізілді және жоспарлары әдіскерге тапсырылды. Ата-аналарға әртүрлі тақырыпта кеңестер берілді, кеңес тақырыптары тәрбиешілердің циклограммасында жазылды, - деп толық айтып өтті. Нұсқаулық хатта берілген қауіпсіздік шаралары бойынша тақырыптар негізінде әр апта сайын тәрбиешілер балаларға түсінік беріп, тәрбие сағаттарын өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Мониторинг қорытындысы» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Мониторинг қорытындысы бойынша айтап болсам, мамыр айының басында білім басқармасы тарапынан келген хатқа байланысты біздің балабақшамызда әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік алу үшін қорытынды мониторинг жүргізілді. Мониторинг қорытындысын айтар болсам бастапқы, аралық мониторинг қорытындысымен салыстырғанда көрсеткішіміз жоғары болып тұр. Өйткені бастапқы мониторингте кездескен қиыншылықтармен тәрбиешілер жақсы жұмыс жасап, аралық мониторингте кездескен кемшіліктермен жұмыс жасап, қорытынды мониторингте нәтиже жоғары болды. Қорытынды мониторингтің нәтижесін хаттамаға қоса тіркеймін.,- деп сөзін аяқтады.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биылғы оқу жылында барлық топ тәрбиешілері тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар өткізді. Атап айтсам, Китенок және Мамонтенок мектепалды даярлық топтары қорытынды сабақтарын өтті. Ал Динозаврики және Лучик ересек топтары «Путишествие в страну грамотной речи» және

«Пушество в страну Красивой речи» тақырыбында тәжірибе алмасу сабақтарын өткізді. Біздің ең кішкентай топтарымыз «Ромашка» және «Жауқазын» топтары «Путешество на планету радости» және дене шынықтыру пәні бойынша «Путешество в лес» тақырыбында өтті. Барлық ашық сабақтарға қатысып, соңында талқылау жүргізіп, ашық сабақтың артықшылығы мен кемшіліктері айтылып, алдағы уақытта кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілетінін айтты.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігін талқылау бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Мектепалды даярлық топтары «Китенок» және «Мамонтенок» тобында ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікке дайындықтары өте керемет болды. Барлық балалар өз рөлдерін керемет сомдады. Рөлдеріне арнайы киілген киімдері де өте сәнді болды. Сонымен қатар балалар үш тілде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде керемет ән шырқап, тапқатарын айтты. Ата - аналармен де арнайы ұйымдастырылған ойындары да керемет болды. Ата-аналардың, балалардың және қонаққа келген тәрбиешілердің көңіл-күйлері керемет болды. Ал залдың іші жарық, таза және өте сәнді безендірілген. Ертеңгілік соңында арнайы баспада басылып дайындалған дипломдар балаларға ұсынылды. Ертеңгіліктердің жоспарлары әдіскерге тапсырылып, анықтама толтырылды, - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

6. Күн тәртібінде алтыншы мәселе «Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту» туралы сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді. Сол мақсатта жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалынып, бүгінгі күнмен бекітіліп, жазғы күн тәртібі мен перспективалық жоспар жасалды және бекітуге ұсынып отырмын. Тәрбиешілер әр аптаға арналған жазғы сауықтыру шараларына сай циклограмма дайындайды, - деп толық тоқталып өтті.

7. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Сәуір айында Әдістемелік орталығының ұйымдастырумен өткізілген «Менің елім-менің балалық шағым» тақырыбында республикалық видеоға байқауға Китенок мектепалды даярлық тобының қыздары қатысып, билері түсіріліп, ұйымдастырушыларға жолданған. Осы алдағы 1 маусым айында байқау қорытындысы шығарылады.

Алдағы жаз уақытында барлық топтың ата-аналарына ескертсеңіздер болады, яғни жаз айларында екі айға орын сақталатын демалыс, отпуск алуға рұқсат беріледі. Ата-аналар әдіскерге келіп өтініш жазып кетсе болғаны.

- Біздің жоспарымыз бойынша шілде айынан бастап китенок және мамонтенок топтарына 2022 жылғы балаларды қабылдау басталады. Жаңадан келген балалардың ата-анасымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер және балалардың балабақшаға тез бейімделуі үшін қажетті жұмыстар жасалынсын,- деп сөзін аяқтады.

- Басқа сұрақтарыңыз болмаса педагогикалық кеңестің шешімін шығарып, аятайық,- деп қорытындылады.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі қабылдансын;
2. Мониторинг қорытындысы қабылдансын;
3. Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі қабылдансын, жұмыстар жалғастырылсын;
4. «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігі секілді керемет ертеңгіліктер жалғасын тапсын;
5. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітілсін, жұмыстар жалғастырылсын;
6. Әртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалынсын.

Менгеруші:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Г.С.Орын